

## **«Acuvue контактілі линзаларын сатып алғаныңыз үшін сыйлық береміз» науқанын өткізу ережесі және оған қатысу шарттары**

### **1. Жалпы шарттар**

1.1. Жарнама науқаны Acuvue тауар белгісімен таңбаланған өнімге деген қызығушылықты қалыптастыру және қолдау мақсатында белгісіз тұлғалар тобы арасында өткізіледі.

1.2. Жарнамалық науқанның атауы – «Acuvue контактілі линзаларын сатып алғаныңыз үшін сыйлық береміз» (әрі қарай – Науқан).

1.3. Науқан келесі тізімге сәйкес, Acuvue контактілі линзаларына (әрі қарай – Линзалар) қатысты өткізіледі:

- ACUVUE OASYS® with HydraLuxe (30 линза)
- 1 Day ACUVUE Moist® (30 линза)
- 1 Day® ACUVUE TruEye® (30 линза)
- ACUVUE OASYS® for Astigmatism with HYDRACLEAR® Plus (6 линза)
- ACUVUE OASYS® with HYDRACLEAR® PLUS (6 линза);
- ACUVUE OASYS® with HYDRACLEAR® PLUS (12 линза)
- ACUVUE OASYS® with HydraLuxe (90 линза)
- ACUVUE 2® (6 линза)

1.4. Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Райымбек даңғ., 169 А мекенжайында тіркелген «Спектрум Вижн» ЖШС-ның (әрі қарай – Науқанға Тапсырыс беруші) тапсырмасы бойынша Науқанды Ұйымдастырушы «Progression SA» (Прогрешен Си Эй) ЖШС болып табылады, тіркелген мекенжайы: 050044, Қазақстан Республикасы, Медеу ауданы, Алматы қаласы, Сызғанов көшесі, №1 үй, тел.: 313-13-93 (әрі қарай – Ұйымдастырушы).

1.5. Науқан өткізілетін аумақ – Қазақстан Республикасы

1.6. ACUVUE картасын іске қосу орны <https://acuvue-promo.kz> интернет-сайты (әрі қарай – Сайт).

1.7. Науқанның жалпы мерзімі (кепілдендірілген сыйлықтарды беру мерзімін қоса алғанда): 2021 жылдың 16 тамызы мен 2021 жылдың 15 желтоқсаны аралығы, оның ішінде:

- 2021 жылдың 16 тамызы мен 2021 жылдың 15 қазаны аралығында Науқан оптика салондарында және контактілі линзалардың интернет дүкендерінде өткізіледі.
- 2021 жылдың 16 тамызы мен 2021 жылдың 15 желтоқсаны аралығы – картаны іске қосу кезеңі.
- Науқанға осы Ереженің 1.3-тармағында көрсетілген ACUVUE® линзалары қатысады.

1.8. Науқанға қатысатын скретч карталардағы кодтарды қабылдау кезеңі: 2021 жылдың 16 тамызы мен 2021 жылдың 15 желтоқсаны аралығы (әрі қарай – Науқанды өткізу кезеңі).

1.9. Науқанның ресми ережесі (әрі қарай – Ереже) Сайтта жарияланады.

1.10. Науқанды өткізу ережесімен және шарттарымен Сайт арқылы танысуға болады.

1.11. Науқан туралы хабарлау тәсілдері: оптикалардағы немесе интернет-дүкендердегі науқандық хабарландыру .

Ұйымдастырушы, Науқанды өткізу ережесі, оларды алу мерзімдері мен тәртібі туралы ақпарат Интернет желісіндегі сайтта жарияланады.

Науқанды өткізу шарттарының өзгергені туралы Науқанға Қатысушыларға Науқан Сайтындағы жаңалықтар анонсына жариялау арқылы хабарланады.

1.12. Науқан лотерея емес.

## **2.Шарттар, оларды ұстанған жеке тұлға Науқанға қатысушы атанады**

2.1. Науқанға іс-әрекетке қабілетті Қазақстан Республикасының азаматтары және Науқан өткізіліп жатқан кезеңде 18 (он сегіз) жасқа толған Қазақстан Республикасы аумағында тұрақты тұратын, Қазақстан Республикасында тұруға берілген ықтиярхаты бар тұлғалар (әрі қарай – Науқанға Қатысушы) қатыса алады. Қазақстан Республикасы аумағында туылған, ата-анасы Қазақстанның азаматтары немесе Қазақстан Республикасында тұруға берілген ықтиярхаты бар тұлғалар болып табылатын кәмелеттік жасқа толмаған тұлғалар (13-18 жас аралығы) науқанға ата-анасының біреуінің рұқсатымен ғана қатыса алады.

2.2. Науқанға:

1) Науқанға Тапсырыс беруші мен Ұйымдастырушының қызметкерлері, олардың отбасы мүшелері;

2) Науқанға Тапсырыс беруші мен Ұйымдастырушының мүддесін қорғайтын тұлғалар;

3) белгіленген тәртіппен Науқанға Тапсырыс берушімен және Ұйымдастырушымен үлестес деп танылған тұлғалар;

4) Науқанға Тапсырыс берушімен және Ұйымдастырушымен белгіленген азаматтық-құқықтық және басқа да байланысы бар, сондай-ақ Науқанды ұйымдастырумен және/немесе өткізумен байланысы бар қызметкерлер мен үшінші тұлғалардың өкілдері, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері;

5) азаматтығы жоқ тұлғалар және Қазақстан Республикасында тұруға берілген ықтиярхаты жоқ өзге мемлекет азаматтары қатыстырылмайды.

2.3. Науқанға Қатысушы Науқанға қатыса отырып, осы Науқан Ережесімен танысқанын және келісетіндігін, барлық шарттар мен талаптарды сақтау міндетін өз мойнына алатынын растайды.

2.4. Науқанға Қатысушы атану үшін Науқан өткізілетін кезеңде:

2.4.1. оптика салонынан кез келген мына линзалардың 2 (екі) қаптамасын сатып алыңыз:

- ACUVUE OASYS® with HydraLuxe (30 линза)
- 1 Day ACUVUE Moist® (30 линза)

- 1 Day ®ACUVUE TruEye® (30 линза)
- ACUVUE OASYS® for Astigmatism with HYDRACLEAR® Plus (6 линза)
- ACUVUE OASYS® with HYDRACLEAR® PLUS (6 линза)
- ACUVUE 2® (6 линза)

#### 2.4.2. Немесе интернет-дүкеннен:

- мына линзалардың 3 (үш) қаптамасын сатып алыңыз:

- ACUVUE OASYS® with HydraLuxe (30 линза)
- 1 Day ACUVUE Moist® (30 линза)
- 1 Day ®ACUVUE TruEye® (30 линза)
- ACUVUE OASYS® for Astigmatism with HYDRACLEAR® Plus (6 линза)
- ACUVUE OASYS® with HYDRACLEAR® PLUS (6 линза)
- ACUVUE 2® (6 линза)

- мына линзалардың 2 (екі) қаптамасын сатып алыңыз:

- ACUVUE OASYS® with HYDRACLEAR® PLUS (12 линза)

- мына линзаның 1 (бір) қаптамасын сатып алыңыз:

- ACUVUE OASYS® with HydraLuxe (90 линза)

#### 2.4.3. Оптика салонының кассасынан немесе интернет-дүкенге тапсырыс беру арқылы скретч-карта алыңыз

#### 2.4.4. Сайтқа тіркеліңіз;

#### 2.4.5. Скретч-картаның бірегей нөмірін енгізіңіз;

#### 2.4.6. Скретч-картада көрсетілген пин кодты енгізіңіз;

#### 2.4.7. Сыйлық алыңыз.

#### 2.5. Кодты тіркеу:

Науқан өткізілетін кезеңде Сайтқа тіркеліңіз. Сайтқа тіркелу үшін қатысушы Сайттағы тіркеу нысанының тиісті жолақтарына келесі деректерді енгізуі қажет: Қазақстан Республикасы ұялы байланыс операторына тіркелген жеке ұялы телефон нөмірі. Көрсетілген әрекеттерді орындағаннан кейін Сайт бетінде «Коды бар хабарлама нөміріңізге жіберілді» деген терезе ашылады. Қатысушының тіркеу кезінде көрсеткен тиісті ұялы телефон нөміріне автоматты түрде 4 сандық символдан тұратын қысқа хабарлама жіберіледі. Алынған сандық кодты «Смс арқылы келген кодты енгізіңіз» деген тіркеу нысанының тиісті жолағына енгізгеннен кейін Қатысушы толтырылған нысанды растайды және тіркеуді аяқтайды.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** сайтқа тіркелуді аяқтай отырып, Қатысушы өзінің Науқан Ережелерімен танысқанын және онымен толық келісетінін, оның барлық шарттары мен талаптарын сақтау міндеттемесін қабылдағанын растайды.

Қатысушы сәтті тіркелген жағдайда Сайтта тиісті хабарлама пайда болады.

2.6. Толтырылған деректерді редакциялауға болмайды, сауалнамада толық, сенімді және дұрыс ақпарат көрсетілуі тиіс. Қатысушы тіркелу кезінде толық емес ақпарат, сондай-ақ қате ақпарат, атап айтқанда: ұялы телефон нөмірін қате көрсеткен жағдайда Сыйлық иегері атана алмайды.

2.8. Бір қатысушы ұялы телефонның бірегей нөмірінен 2021 жылдың соңына дейін, оның ішінде Науқанға Тапсырыс беруші үшін Ұйымдастырушы өткізетін өзге жарнамалық науқандар шеңберінде 9 ғана кодты тіркей алады.

2.9. Тіркеу кезінде Сайтқа енгізілген ұялы телефон нөмірі Науқанға Қатысушының атына және/немесе оның ата-анасына (қамқоршысына) (ұялы телефон нөмірін беру арқылы байланыс қызметтерін көрсету үшін байланыс операторымен шарт жасасқан тұлға) ресімделуі тиіс. Занды тұлғаға тіркелген ұялы телефон нөмірлері Науқанға қатыстырылмайды немесе Науқанға қатысудан және Сыйлықтар алудан шеттетіледі.

2.10. Ұйымдастырушы кодтарды автоматты түрде сұрыптаудан қорғаудың бірқатар шараларын қосымша жүзеге асырады: кодты тіркеудің 5 сәтсіз әрекетінен кейін ұялы телефон нөмірі қара тізімге енгізіледі. Бұл тізімге енген Қатысушы бір сағаттан кейін ғана кодын тіркеуді жалғастыра алады.

### 3. Науқанның жүлде қорының құрамы мен көлемі

3.1. Науқанның жүлде қоры Ұйымдастырушының ақшалай қаражаты мен мүлкі есебінен құралады және мынадай сыйлықтардан тұрады:

- Тіркелген кезде көрсетілген ұялы телефон нөміріне 2000 (екі мың) теңге мөлшеріндегі теңгерім.

3.3. Науқанға Қатысушылардың ұялы телефон нөмірлеріне ақша қаражатын төлеу және аудару бойынша барлық шығынды Науқанды Ұйымдастырушы өз мойнына алады.

### 4. Шектеулер

4.1. Бір Науқанға Қатысушы Науқанға Тапсырыс беруші үшін Ұйымдастырушы өткізетін өзге жарнамалық науқандар шеңберінде 2021 жылдың соңына дейін 9 (тоғыз) рет қана сыйлық ала алады.

4.2. Науқанның бір Қатысушысының Науқанға қатысу үшін бірден артық ұялы телефон нөмірін пайдаланғаны анықталған жағдайда мұндай Науқанға Қатысушы Науқан шеңберіндегі сыйлықтар алу құқығынан айырылады.

4.3. Әрекеттерінен алаяқтық немесе қиянат ету белгілері анықталған Науқанға Қатысушылардың телефон нөмірлері, IP-мекенжайлары, пошта мекенжайлары және басқа да деректері (мұндай Науқанға Қатысушыны Науқанның басқа Қатысушыларына қарағанда неғұрлым тиімді жағдайға қоятын кез келген тәсілдерді немесе бағдарламалық

қамтамасыз етілімдерді пайдалану) бұл Науқанға қатыстырылмайды. Мұндай жағдайда Ұйымдастырушы Науқанға қатысу аясында IP-мекенжайды бұғаттауға құқылы.

4.4. Науқанға Қатысушылардың Науқанға әрі қарай қатысуына жол бермеу туралы шешімді Ұйымдастырушы қабылдайды және шағымдануға рұқсат етілмейді.

4.5. Науқанға қатысуға жіберілмеген Науқанға Қатысушылар, олардың Науқанға қатысуына жол берілмеген сәтке қарамастан (Сыйлық алғанға дейін немесе одан кейін), Науқанға қатысуға жіберілмеген кезде алынбаған Сыйлықтарды алу мүмкіндігінен айырылады және бұл ретте кез келген өтемақы алуға құқы жоқ.

## 5. Басқа да шарттар

5.1. Науқанды Ұйымдастырушы келесілерге жауапты емес:

1) Науқанға Қатысушылардың Науқанға қатысумен және Жүлде алумен байланысты міндеттерін орындамағаны (уақытында орындамағаны) үшін;

2) Науқанға Қатысушылардың Науқанды өткізу ережесімен және оған қатысу шарттарымен таныспағаны, сондай-ақ Науқанды өткізу нәтижелерімен таныспағаны үшін;

3) техникалық ақаулық және/немесе Интернет желісіндегі және/немесе Науқанды өткізу кезінде пайдаланылған байланыс арналарындағы алаяқтық нәтижесінде пошта қызметі, байланыс ұйымы кінәсінен Науқанға Қатысушылардан хат, қоңыраулар, факсимильді және/немесе электронды хабарламалар алмағаны үшін;

4) Скретч картаның белгілі бір тұлғаға тиістілігі туралы дау-дамай туындаған жағдайда Науқанды Ұйымдастырушы оған қатыспайды.

5.2. Науқанға қатыса отырып, Науқанға Қатысушы Ұйымдастырушыға Науқанды өткізу үшін өз еркімен берген деректерін Науқанды Ұйымдастырушы, сондай-ақ олардың өкілетті тұлғалары деректерді өндеудің автоматтандырылған құралдары арқылы өндейтініне келісімін береді.

5.3. Сайтқа тіркелген Науқанға Қатысушы Қазақстан Республикасының іс-әрекетке қабілетті азаматы екендігін, өзінің жеке әрі дұрыс мәліметтерін хабарлағанын және Ұйымдастырушыдан жарнама науқандары, сыйлықтар, өнім үлгілері және басқа да ұсыныстар туралы ақпарат алуға келісетіндігін растайды. Науқанға Қатысушының келісімі мұндай мәліметтерді рұқсатсыз таратудан қорғаудың қажетті шараларын жасайтын Науқанды Ұйымдастырушыға және оның уәкілетті тұлғаларына Науқанды Ұйымдастырушының және/немесе олардың уәкілетті өкілдерінің Науқанға Тапсырыс берушінің кез келген ағымдағы және болашақта жоспарланатын жарнама науқандарына қатысты Науқанға Қатысушылармен электр байланысы арқылы байланысуды, оның ішінде СМС-хабарлама және электронды пошта арқылы хабарлама жолдауды жүзеге асыруға қажетті сауалнамада көрсетілген Науқанға Қатысушының мәліметтерін жинау, сақтау, өндеу және пайдалануды жүзеге асыруға құқық береді. Келісім Науқанға Қатысушының тіркеу мәліметтерін хабарлаған сәттен бастап Науқанға Қатысушы оларды кері қайтарып алғанға дейін жарамды.

5.4. Ұйымдастырушы Науқанға Қатысушыларды тіркеуге және өзге де мәселелерге байланысты техникалық ақаулықтар үшін және басқа да мәселелер үшін жауапты болмайды, оның ішінде:

- 5.4.1. ұялы байланыс операторларының желісінде профилактикалық жұмыстар жүргізілген жағдайда жауап ретіндегі СМС-хабарламаның кешіктірілгені және/немесе жетпей қалғандығы үшін немесе Науқанды Ұйымдастырушының қатысынсыз туындаған басқа да ақаулықтар үшін, сондай-ақ оның ұялы телефоны өшіп тұрған немесе ұялы байланыс операторының қолданыс аясынан тыс жерде болғаны үшін;
- 5.4.2. контент-провайдер мен ұялы байланыс операторы арасындағы шарттық қарым-қатынастың бұзылғаны үшін, соның салдарынан Қатысушының телефон нөмірінен коды бар СМС-хабарлама жолдау мүмкін болмағаны үшін;
- 5.4.3. СМС-хабарламаның кешіктірілгені және/немесе жетпегені үшін, сондай-ақ Науқан Ұйымдастырушысына байланыссыз туындаған ұялы байланыс операторларының кез келген өзге де техникалық ақаулықтары үшін.
- 5.5. Қазақстан Республикасындағы Ұялы байланыс операторының абоненттік нөмірін сайтқа тіркей отырып, Науқанға Қатысушы аталған абоненттік нөмірдің Науқанға Қатысушының атына тіркелгендігін растайды (бұл Ұялы байланыс операторының тиісті құжаттарымен расталады).
- 5.6. Науқанға Қатысушы, егер де сайтқа тіркелген кезде көрсетілген Ұялы байланыс операторының абоненттік нөмірі заңды тұлғаның атына тіркелген болса, Науқанды Ұйымдастырушы Науқанға Қатысушыға Сыйлықты беруден бас тартуға не болмаса кейінге қалдыруға (бермеуге себеп болған мәселелерді шешкенше) құқылы екендігімен келіседі.
- 5.7. Науқанды өткізу барысында Науқанға Қатысушылардың алатын Жүлделерге салынатын салықтарды Ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес өзі төлейді.
- 5.8. Науқанға Тапсырыс беруші Науқанды өткізу шарттарын өз бетінше өзгертуге немесе Науқанды өткізуді тоқтатуға құқылы. Мұндай өзгерістер немесе тоқтату туралы ақпарат Сайтта жариялануы тиіс.
- 5.9. Науқанды Ұйымдастырушының Науқанға Қатысушыға жолданатын барлық СМС-хабарламалары тегін.